«АБАЙ ОБЛЫСЫ ҮРЖАР АУДАНЫНЫҢ АЛТЫНШОҚЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА АЛТЫНШОКИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА УРДЖАРСКОГО РАЙОНА ОБЛАСТИ АБАЙ»

ӨКІМ

05 ақпан 2026 ж.
Алтыншоқы ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 4-ө
село Алтыншокы

Тауарды, қызметті және жұмысты тәсілмен сатып алу туралы бір көзден тікелей шарт жасасу

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағының 25-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 Бұйрығының 506-509-тармағына сәйкес, тауарды, қызметті және жұмысты тәсілмен сатып алу туралы бір көзден тікелей шарт жасасу.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағының 25-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 Бұйрығының 506-509-тармағына сәйкес ақпараттық өңдеу бойынша қызметтерін сатып алу қажеттілігіне байланысты **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1.Бір көзден алу тәсілімен ақпараттық өңдеу бойынша қызметтерін сатып алуды жүзеге асыру.

2.Сатып алуды келесідей негіздеңіз:

Заңның 16-бабы 3-тармағының 25-тармағы:

3.Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

25) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы:

506. Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

507. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға не Тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды адам қабылдайды.

508. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайларда, мұндай мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасын сақтаумен жүзеге асырылады.

000045

509. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған адам заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

4.Мемлекеттік сатып алу веб порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті әрекеттерді жүзеге асыруды бас маман Б.Кожаевқа жүктеймін.

5.Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Алтыншоқы ауылдық округінің әкімі **С.Оралбаев**